

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана Медицина университеті» КеАҚ	Хаттама №2
	«Денсаулық сақтау» саласы бойынша ОӘБ Жоғары білім беру секциясы	

ХАТТАМА № 2

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» САЛАСЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ СЕКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Астана қ.

14 қазан 2025 жыл

Отырыс форматы: онлайн

Басталу уақыты: 15:00

Қосылу сілтемесі:

us05web.zoom.us/j/2421536677?pwd=3IjEpUY76eAFjPq1lD2TRDxKvyas1O.1&omn=83422065805

Төраға: Досанова А.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: тізім бойынша (қосымшада)

КҮН ТӘРТІБІ

1. **ҮИМББ «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» және «МПД» бағдарламалары бойынша базалық құзыреттер.** Баяндамашылар — проректорлар/БОӘКК төрағалары/комитет төрағалары
2. **Профильдік интернатура бағдарламаларының түлектерінің құзыреттері.** Баяндамашылар — проректорлар/ БОӘКК төрағалары/комитет төрағалары
3. **2024–2025 оқу жылындағы «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша интернатура білім беру бағдарламасы түлектерінің тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша F және G типті тесттердің талқылауы.**

1-ші сұрақ. **ҮИМББ «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология» және «МПД» бағдарламаларының 3-курс студенттері үшін базалық құзыреттерді талқылау.**

ТЫҢДАЛДЫ:

- 1) «Медициналық университет Астана» КеАҚ-ң Стоматология мектебінің деканы Деточкина В.Р. ҮИМББ «Стоматология» бағыты бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын барлық ЖОО өкілдері, жұмыс берушілер және білім алушылардың қатысуымен өткен жұмыс кеңесі


туралы баяндады. Талқылау қорытындысы бойынша қатысушылар студенттердің кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұнына қатысты бірыңғай пікірге келіп, 3-курс деңгейінде қалыптастырылатын базалық құзыреттердің бірыңғай тізбесін келісіп бекітті. Аталған құзыреттер тізбесі тестілеу спецификациялары мен бағалау құралдарын әзірлеуде пайдалану үшін секция отырысында ұсынылды.

- 2) Медико-профилактикалық іс комитетінің төрайымы Даулеткалиева Ж.А. НИМО «Медико-профилактикалық іс» бағыты бойынша жұмыс кеңесінің өтуі туралы баяндады. Талқылау қорытындысы бойынша қатысушылар студенттердің кәсіби даярлығының құрылымы мен мазмұнына қатысты бірыңғай пікірге келіп, 3-курс деңгейінде қалыптастырылатын базалық құзыреттердің бірыңғай тізбесін келісіп бекітті. Аталған құзыреттер тізбесі тестілеу спецификациялары мен бағалау құралдарын әзірлеуде пайдалану үшін секция отырысында ұсынылды.
- 3) ЖБ секциясының төрағасы Досанова А.К. «Стоматология» бағыты бойынша өткен жұмыс кеңесінің нәтижелері туралы баяндады. Жиналған деректердің негізінде 3-курс деңгейінде қалыптастырылатын базалық құзыреттердің бірыңғай тізбесі қалыптастырылды. Аталған құзыреттер тізбесі тестілеу спецификациялары мен бағалау құралдарын әзірлеуде пайдалану үшін секция отырысында ұсынылды.

ШЕШІМ: Техникалық қиындықтардың туындауына және 3-курс студенттерінің даярлық деңгейіне сәйкес келмейтін бірқатар базалық құзыреттердің артық белгіленуіне байланысты ЖБ секциясының ОАБ ЖББ отырысын 2025 жылғы 17 қазанға ауыстыру туралы шешім қабылданды. Бұл уақыт аралығында құзыреттер тізбесін нақтылау және пысықтау жүргізіледі.

Төраға:

Хатшы:



А.К. Досанова

А.Р. Шакеева